

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Батыс Қазақстан облысы

№173

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Жайықжылукуат" Акционерлік қоғамы, Бұйрық негізінде әрекет ететін Бас директордың м.а. Камешов Бекболат Тлегенович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "КатТехнолоджи" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Основание поставщика негізінде әрекет ететін Басшысы Нурахманова Зауреш Молдабековна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2025-02-20» жыл № 13932468-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 55 876 800.00 (елу бес миллион сегіз жүз жетпіс алты мың сегіз жүз тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 5 986 800.00 тенге (бес миллион тоғыз жүз сексен алты мың сегіз жүз тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.



2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде 1 676 304.00 теңгеге тең, сондай-ақ 2 850 000.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 4 526 304.00 ((төрт миллион бес жүз жиырма алты мың үш жүз төрт тенге нөл тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Жеткізу мерзімі: Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу мерзімі ( жеткізуге арналған күндер саны өтінімде көрсетіледі).

12) 11) Жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., «Жайықжылуқуат» АҚ, Орал ЖЭО.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 595-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;



4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

#### **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

4.6 Егер Тапсырыс берушінің мамандары кіріс бақылауын жүргізу шеңберінде жеткізілген жабдықты көзбен шолып тексеру кезінде мынадай ақауларды анықтаған жағдайда: • Жабдықтың ішкі және сыртқы беттеріндегі коррозия (тот) ; • Сорғы корпусының немесе электр қозғалтқышының дәнекерленген жіктерінің ақаулары; • МЕМСТ 19200-80-де көрсетілген ойықтар, жарықтар, кетіктер, сызаттар, жабдық корпусы мен тораптары металының ыдырау, сондай-ақ ақаулар; • Электр қозғалтқышының клемм қорабы мен кабельдік кірістерінің тұтастығының бұзылуы; • Сорғының, электр қозғалтқышының және плитаның (раманың) құрылымында тұтастықтың бұзылуы және көрінетін ақаулар мен зақымдардың болуы; • Бүлінудің бар болуы немесе төлқұжат тақтайшаларының (шильдиктердің) болмауы. • Төлқұжат тақтайшаларына (шильдиктерде) жазылған деректерді сәйкестендіру (оқу) мүмкін болмағанда;

• Паспорттық тақтайшаларға (тақтайшаларға) қойылған деректердің жеткізілген өнімге сәйкестендірілуіне қамтамасыз етілуі туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



төлқұжаттарда көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі; • Жабдықтың сыртқы лак-бояу қабатындағы ақаулар; • Қаптаманың және консервацияның бұзылуы; Тапсырыс беруші Өнім берушіге зақымдалған және кіріс бақылауынан өтпеген жабдықты ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

4.7 Өнім беруші жеткізген 4А3М 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышы бар рамада қойылған ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректік агрегаты дайындаушы зауытта және "Жайықжылуқуат" АҚ АҚ Орал ЖЭО өндірістік базасында қабылдануға жатады. Дайындаушы зауытта жабдықты тексеру «Жайықжылуқуат» АҚ Орал ЖЭО уәкілетті өкілдерімен бірлесіп жүргізіледі. Бұл ретте мынадай іс-шаралар өткізілетін болады: - пайдалану құжаттамасын техникалық тапсырма мен шартқа сәйкестігін тексеру; - Корпустардың беріктігі мен тығыздығына гидравликалық сынақтар жүргізуге арналған стендтердің, корпустардың гидравликалық сынау хаттамаларының, роторды теңгерімдеу хаттамаларының болуын тексеру; - Пайдаланылған материалдарға сапа сертификаттарын тексеру; - Қабылдау-тапсыру сынақтарын бірлесіп өткізу. Жабдықты "Жайықжылуқуат" АҚ Орал ЖЭО мекенжайына жөнелту жоғарыда көрсетілген іс-шаралар бойынша барлық ескертулер жойылғаннан кейін ғана жазбаша рұқсатпен жүргізіледі. Құжаттарға тексеру және тексеру жүргізу үшін Тапсырыс берушінің өкілі кеткен жағдайда, ұшуға, тұруға және тамақтануға арналған шығыстар Өнім берушіге жүктеледі, яғни Өнім берушінің есебінен болады. Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жоғарыда көрсетілген әрекеттерді бейнебайланыс арқылы жүргізуге жол беріледі.

4.8 Қаптауға қойылатын талаптар: • Кіріс және қысымдық келте құбырларының (сорғының) саңылаулары міндетті түрде тығындармен жабылады және консервациялық пломбалармен пломбаланады (консервациялық пломбалау орындары сорғының құрастыру сызбасында көрсетілуі тиіс), сондай-ақ басқа да технологиялық саңылаулар міндетті түрде пробкалармен және тығындармен жабылуы тиіс; • Сорғы корпусында дайындаушы зауыттың кепілдік пломбалары орнатылуы тиіс (кепілдік пломбалау орындары сорғының құрастыру сызбасында көрсетілуі тиіс); • Агрегаттар мен электр қозғалтқыштар көлік құралында бір - біріне соғылмауын қамтамасыз етіп, сенімді орнатылуы қажет. • Өнім беруші жабдықты түпкілікті межелі жерге тасымалдау кезінде олардың бүлінуіне немесе бүлінуіне жол бермейтін қаптаманы қамтамасыз етуге міндеттенеді. • Жабдыққа жеткізілетін техникалық құжаттама МЕМСТ 10354-82 сәйкес ылғалға төзімді пакетке герметикалық түрде оралуы керек; • МЕМСТ 23170-78 сәйкес көліктің жерүсті түрі үшін көзделген жүктерді тасымалдау қағидалары сақталған жағдайда сорғы агрегаты мен буып-түйілген жиынтықтаушы бұйымдарды жабық көлік құралдарында тасымалдауға жол беріледі; 4А3М 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышы бар рамада қойылған ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректік агрегат үгел жиналған түрде және пайдалануға дайын болуы қажет. Егер электр қозғалтқыш, плита (рама) Тапсырыс берушінің аумағына агрегаттан бөлек жеткізілген болса, Өнім берушінің уәкілетті маманы өз күшімен және өз қаражатымен жабдықты қосумен (жинаумен) шұғылданады.

4.9 4А3М 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышы бар рамада қойылған ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректік агрегат жаңа 2025 жылдан ерте шықпаған болуы тиіс. Жөнделген, қалпына келтірілген, пайдалануда бұрынғы жабдықты жеткізуге үзілді-кесілді жол берілмейді;

4.10 • ПЭ-150-53 үлгісіндегі жеткізілген қоректендіру сорғысының төлқұжаты көрсетілген зауыттық нөмірі паспорттық тақтайшада (шильдикте) көрсетілген нөмірмен бірдей, ТББ белгісі, дайындаушы зауыттың мөрі және қолы (түпнұсқа) бар. Қоректендіру сорғысының паспорты-міндетті түрде дайындаушы зауыттың түпнұсқа голограммаларын қамтуы тиіс. Паспортта голограмма болмаған жағдайда, паспорт жарамсыз болып табылады және Өнім берушіге қайтарылады. • ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректендіру сорғысының техникалық сипаттамасы немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық (түпнұсқа немесе расталған көшірме); • 4А3М 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышының паспорты көрсетілген зауыттық нөмірі ТББ белгісі, дайындаушы зауыттың мөрі және қолы (түпнұсқа) бар паспорттық тақтада (шильдикте) көрсетілген нөмірге ұқсас. • 4А3М 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышына техникалық сипаттама немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық (түпнұсқа немесе расталған көшірме); • ҚҚК



(қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар мен керек-жарақтар) ведомосы; • Монтаждау және құрастыру сызбалары. Сызбалардағы жазулар МЕМСТ 2.104-68 сәйкес ресімделуі тиіс; • МЕМСТ 9.014-78 сәйкес желілік сорғылардың (агрегаттардың) сыртқы коррозияға қарсы жабынына сапа сертификаты/ хаттама;

4.11 4АЗМ 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышы бар рамада қойылған ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректік агрегатын «Жайықжылуқуат» АҚ Орал жылу электр орталығының аумағына жеткізген кезде Өнім беруші жөнелтілетін өніммен бірге келесі ілеспе құжаттарын ұсынуы қажет:

4.12 • Қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы. Қабылдау-тапсыру сынақтары мемлекетаралық стандарттар «Динамикалық сорғылар. Сынақ әдістері МЕМСТ 6134-2007 (ИСО 9906:2007)» және «Динамикалық сорғылар. талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Гидравликалық сынау. 1, 2 және 3 дәлдік сыныптары МЕМСТ ISO 9906-2015". МЕМСТ 6134-2007 (ИСО 9906:2007) 5.1.1-тармағына сәйкес сорғыны қабылдау-тапсыру сынақтары дайындаушы зауыттың аттестатталған стендінде жүргізілуі тиіс. Сынақ стенді осы техникалық тапсырмада көрсетілген сипаттамалары (берілуі, арын) бар сорғыны сынауға арналған болуы тиіс; • электр сорғы агрегаттарының сынақ жабдығына жүргізілген қабылдау-тапсыру сынақтары аттестаты (сынақ стенді) • о электр қозғалтқышы орамаларының омдық кедергісі; • о электр қозғалтқышының корпусына қатысты ораманың оқшаулау кедергісі; • о фазалар арасындағы ораманың оқшаулау кедергісі; • о 50 Гц жиіліктегі айнымалы кернеулі корпусқа қатысты ораманың оқшаулауының электрлік беріктігі; • о 50 Гц жиіліктегі айнымалы кернеу фазалары арасындағы ораманың оқшаулауының электрлік беріктігі. Тауарлық жүкқұжаттар (түпнұсқалар).

4.13 Жеткізілетін жабдық МЕМСТ, ҚНЖЕ талаптарына жауап беруі тиіс. Өнім беруші агрегат сапасының техникалық шарттарға сәйкестігіне жауап береді және оның тиісті емес сапасына байланысты шығындар тәуекелін көтереді;

4.14 Өнім беруші контрафактілік жабдықты жеткізген жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген жабдық бойынша қолда бар деректерді және жеткізуші компанияның атауы туралы деректерді брендтерімен (кәсіпорындардың атауларымен) жабдық жеткізілген дайындаушы зауыттардың қауіпсіздік қызметтеріне беру құқығын өзіне қалдырады. Өнім беруші контрафактілік жабдықты жеткізудің заңсыздығын толық білуі керек.

4.15 Күшейтілген сорғылардың корпустарына паспорттық тақтайшаларда (шильдиктерде) мынадай деректер (ақпарат) жазылуы тиіс: • Дайындаушы зауыттың атауы (тауар белгісі); • Салмағы (сорғының); • Маркасы (белгіленуі); • Зауыт нөмірі; • ТББ таңбасы (гравировкамен, штамппен немесе соққы тәсілімен жасалған); • Шығарылған күні; • Айналым жиілігі • Арыны; • Берілімі; • Қуаты; • Электр қозғалтқыштарына бекітілген паспорттық тақтайшаларда (шильдиктерде) мынадай деректер (ақпарат) жазылуы тиіс: • Дайындаушы зауыттың атауы (тауар белгісі); • ПӘК; • Электр қозғалтқыш типі; • Қуат коэффициенті; • Зауыт нөмірі; • Айналу жиілігі; • Ауыспалық тоқ жиілігі; • Жұмыс режимі; • Қуаты; • Оқшаулау класы; • Статор орамаларын қосу схемасы; • Қорғаныс класы; • Кернеу; • Салмағы; • Статор тоғының күші; • Шығарылған күні; • Пайдалану кезіндегі қоршаған орта температурасының диапазоны; • • Сорғылар мен электр қозғалтқыштардың паспорттық тақтайшаларын (тақтайшаларын) жеткізілген жабдықты дайындаушы зауыт дайындауы тиіс. Сорғылар мен электр қозғалтқыштарының тақтайшаларында (шильдиктерде) жазылған ақпарат орыс тілін қолдана отырып оқылуы керек. Егер шетелдік өндірістегі жабдық, паспорттық тақтайшалар (шильдиктер) түпнұсқа (зауыттық) болуы және жабдықты дайындаушы елдің ресми тілінде орындалуы тиіс. Бұл ретте өнім беруші міндетті түрде паспорттық тақтайшаларда (шильдиктерде) көрсетілген ақпараттың нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады. Жеткізілген жабдықтың тақтайшаларында көрсетілген деректер міндетті түрде бұйымға паспортта жазылуы және солармен бірдей болуы тиіс.

4.16 Тапсырыс беруші жеткізілген жабдыққа кіріс бақылауын жүргізу кезінде 4.8-тармақта көрсетілген ақауларды анықтау үшін сараптама жүргізу қажеттілігі туралы Өнім берушіге



хабарлама жіберу құқығын өзіне қалдырады Сараптама Қазақстан Республикасының аттестатталған немесе аккредиттелген зертханасында жүргізілуі тиіс. Тасымалдауға, металл сынамаларын алуға, сараптама жүргізуге және қажетті қорытындылар беруге арналған барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

4.17 «Жайықжылуқуат» АҚ Орал ЖЭО өндірістік базасындағы кіріс бақылауы мынадай іс-шараларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: • Жеткізілген жабдықты және ұсынылған құжаттаманы көзбен шолып тексеру; • Жабдыққа жазылған деректердің (ақпараттың) ұсынылған құжаттарда көрсетілген ақпаратпен сәйкестігін тексеру; • Дайындаушы зауыттарға жеткізілген жабдықтар мен ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растау туралы ресми сұрау салу; • Жеткізілген сорғылар мен электр қозғалтқыштардың сынамалы іске қосу жолымен (бос жүріс режимінде) жұмысқа қабілеттілігін тексеру жүргізіледі. Жеткізілген жабдықтың негізгі техникалық сипаттамалары мен көрсеткіштерін тексеру Өнім берушінің білікті және өкілетті өкілінің қатысуымен жүргізіледі. • Өнім берушінің өкілі Тапсырыс берушінің талабы бойынша жеткізілген жабдықты монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу кезінде ұсынымдар береді және/немесе бас инженер ретінде әрекет етеді. Өнім берушінің білікті және өкілетті өкілі техникалық құжаттамада (орындалған жұмыстар актілері, хаттама актілері) қол қою құқығын беретін сенімхаттың немесе бұйрықтың түпнұсқасын ұсынуға тиіс.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның



күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген



іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4 4АЗМ 500/6000 УХЛ4 электр қозғалтқышы бар рамада қойылған ПЭ-150-53 типті орталықтан тепкіш қоректік агрегатының кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 1 жыл болуы тиіс.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті күннен немесе мерзімдердің аяқталуына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу



кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 13-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуға жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды (мүлкіні) немесе жанама түрде қолдануға тұлғаларға теге мейді, төлеуді Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13 Өзге де шарттар**

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



басшылыққа алады.

13.7 Шарт бойынша тараптар арасындағы даулар Орал қаласының мамандандырылған экономикалық сотында қаралады.

13.8 Шартты орындау орны: Орал қ., ЖЭО ауд.

13.8 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

#### 14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:  
"Жайықжылуқуат" Акционерлік қоғамы  
Западно-Казахстанская область,  
г.Уральск, Р-Н ТЭЦ, 13  
БСН 930540000172  
БСК IRTYKZKA  
ЖСК KZ739650000155672441  
"ForteBank" АҚ  
Тел.: 87112 24 02 60  
Бас директордың м.а. Камешов Бекболат  
Тлегенович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын  
(факторингті) басқаға беру арқылы  
қаржыландыру шартын жасасқан кезде  
қаражат алушы):  
"КатТехнолоджи" жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі  
Восточно-Казахстанская область,  
Глубоковский район, с.Глубокое,  
Поповича, 26, 17  
БСН/ЖСН 190540014877  
БСК NURSKZKX  
ЖСК KZ7684908KZ915191100  
"Нұрбанк" АҚ  
Тел.: 87055269122  
Басшысы Нурахманова Зауреш  
Молдабековна

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК – банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС – қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 13932468-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2025 қаржылық жыл</b>												
74328980-OK1	"Жайықжылукуат" Акционерлік қоғамы	Сорғы	су және басқа да таза, химиялық бейтарап сұйықтықтарға арналған, қоректік, электрқозғалтқыштан келетін жетектен, берілуі 60-1700 м3/с	Электр қозғалтқышы бар жақтаудағы орталықтан тепкіш сорғы ПӘ-150-53 - С	Дана	1	55 876 800.00	Шартқа сәйкес	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу мерзімі (жеткізуге арналған күндер саны өтінімде көрсетіледі).	Батыс Қазақстан облысы, Орал қ. БҚО, Орал қ., Желаетов өндірістік аймағы 27/2, «Жайықжылукуат» АҚ МТЖБ базасы. (1)	0	55 876 800.00



## Договор о государственных закупках товаров

Западно-Казахстанская область

№173

Акционерное общество "Жайыктеплоэнерго", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает И.о.генерального директора Камешов Бекболат Тлегенович, действующий на основании Приказа, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "КатТехнолоджи", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Нурахманова Зауреш Молдабековна, действующий на основании Основание поставщика, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Открытый конкурс» от 2025-02-20 года № 13932468-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

